«Бекітемін»
Мектеп директоры
Турлибекова Г.Ж

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ,САРЫАҒАШ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНЕ ҚАРАСТЫ «ЖАЛЫН-2021» ЗИЯТКЕРЛІК БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНҢ КІТАПХАНАШЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2023-2024 оқу жылы

Жоспар педагогикалық кеңесте қаралды
№1 хаттама, 29 тамыз, 2023 жыл

Сарыағаш 2023 жыл

Кітапхана жұмысының негізгі бағыттары мен міндеттері.

Мектеп кітапханасында жаңа оқу жылы оқушыларға оқулықтар беруімен басталады. Тамыз айында жаңа оқу әдістемелік кешендері және көркем әдебиеттер қалалық білім беру бөлімінен мектепке жеткізіледі. Көркем әдебиеттер міндетті түрде мүлік кітабына тіркеледі. Мүлік кітабына тіркелген соң алфавит бойынша сөрелерге қойылады.

II. Кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру:

Әрбір оқырманға көркем әдебиетпен қатар әр білім саласы бойынша көмек беріледі. Оқырмандар баспа, электрондық басылымдарды алып уақытша пайдаланады. Сондай-ақ кітапханада библиографиялық және анықтамалы-ақпараттық қызмет көрсетіледі. Кітапханада

«Кітапхана жұмысының күнделігі» үнемі жүргізіледі. Күнделікте оқырман топтарының саны мен құрамы, берілген баспа көлемі ескеріледі. Өткен күннің қорытындысын шығарылып, күнделікке жазылады. Кітапханаға келген жаңа оқырмандарға кітапханашы кітапханадан алған кітаптарын қалай ұстау керектігін ережемен таныстырып, жаңа оқырмандарды күнделікке тіркейді. Каталогтар мен тематикалық картотекалардан керекті мағлұматтарды іздеу, қалай табу керектігі туралы кеңес беріліп тұрады. Кітапханаға келетін баспасөз басылымдармен қамтамасыз етеді.

III. Бақылау көрсеткіштің орындалуы:

	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Кітап қоры	2400	2390	2420
Оқырмандар саны	480	521	497
Оқушыларға берілген кітаптар саны	1800	1670	1550

IV. Оқырмандарға қызмет көрсету және кітап насихаттау:

Кітапхана жұмысында балаларды кітап оқуға тарту, кітап оқуға қызығушылығын тәрбиелеудің әргүрлі әдістері мен түрлері қолданылады. Кітап оқуды насихаттау және кітап оқитын адамның абыройын арттыру мақсатында әртүрлі іс-шаралар өткізіледі: сыныптан тыс шаралар,сайыстар,конференциялар,танымдық сабақтар,викториналар, әдебиет сағаттары, ауызша журнал, атаулы даталарға библиографиялық шолу, көрмелер, т.б. Сонымен қатар, мектебімізде республикалық акциялар, жобалар бойынша іс шаралар жүргізілуде.

Жеке, көпшілік жұмыс, ақпараттық мәдениет сабақтары арқылы кітап оқуға, оқу мәдениетін, тәуелсіз кітапхана пайдаланушысының біліктілігі мен дағдысын қалыптастырады.

Бастауыш сынып оқушылары ертегілер, орта буын оқушылары әдеби кітаптар, энциклопедиялар, ақын жазушылардың шығармаларынан оқыса, жоғарғы сынып оқушылары көбіне психологиялық, әдеби көркем шығармалармен бағдарлама әдебиеттерін оқиды.

Мектеп алды даярлық топтан бастап мектеп оқушыларына кітапханашы кітапхана ережесі мен міндеттерімен таныстырылады. Әр жыл басында ескірген, біткен оқырман формулярлары жаңартылады.

Кітапханада «бір отбасы – бір кітап», «балалар кітапханасы», «үнемі оқитын адам – табысты адам», «кітапханаға саяхат», бұрыштары ұйымдастырылды.

Мектеп кітапханасы мектептің тәрбие жұмысының жоспарына сай төмендегідей бағытта жұмыстар атқарады:

"Бір отбасы – бір кітап"

Отбасы ішінде кітап оқуды дәстүрге айналдыру, балалар мен ата-аналар арасында рухани байланысты нығайту, кітап оқу арқылы тәрбие беру.

– Әр отбасы бір кітапты таңдап, оны бірге оқиды;
– Оқу барысында пікір алмасу, мазмұнын талдау, кейіпкерлерге баға беру жүргізіледі;
– Соңында отбасы мүшелері өз ойларын шығарма, сурет, көрініс немесе бейнеролик арқылы таныстырады.
– Б. Соқпақбаев «Менің атым Қожа»
– М. Әуезов «Көксерек»
– Ертегілер жинағы
– Ы. Алтынсарин әңгімелері

Бұл жоба арқылы отбасы мүшелері ортақ оқуға уақыт бөліп, бір-біріне жақындай түседі. Сонымен қатар, балалардын кітапқа деген қызығушылығы артады.

«Балалар кітапханасы»

Балалар кітапханасы — бұл балалар мен жасөспірімдердің жас ерекшелігіне сай әдебиеттермен камтамасыз ететін, оқу мәдениетін қалыптастыратын, тәрбиелік мәні зор ақпараттық мекеме.

Балалар кітапханасы – 6 жастан 16 жасқа дейінгі балаларға арналған көркем және танымдық әдебиеттерді ұсынатын, білім мен тәрбие беретін мекеме.

- Балаларға арналған кітаптар қоры сақталады (ертегілер, повестер, танымдық әдебиет, энциклопедиялар);
- Оқу, жазу, ойлау дағдыларын дамытуға арналған іс-шаралар (көрмелер, викториналар, кітап оқу байқаулары) өтеді;
- Кітапты таңдау, оқу мәдениетін қалыптастыру бойынша кеңес беріледі.
– Балалар арасында кітапқа деген қызығушылықты арттыру
– Оқу дағдысын қалыптастыру
– Таным көкжиегін кеңейту
– Мәдени-рухани тәрбие беру

«Үнемі оқитын адам – табысты адам»

Қоғамда табысты болу әр адамның арманы. Ал сол табысқа жетудің басты кілті – білім. Білімнің қайнар көзі – кітап, ал кітап оқу – адамның рухани және интеллектуалдық дамуына апарар жол. Сондықтан да «Үнемі оқитын адам – табысты адам» деп айту бекер емес.

Кітап оқу адамды ізденіске жетелейді, ойлау қабілетін дамытады, сөйлеу мәдениетін арттырады. Оқитын адам әрдайым жаңа ақпаратпен қаруланады, өмірге басқа қырынан қарайды. Мұндай адам өзгелерге қарағанда шешім қабылдауда, қиындықтан шығуда, жаңа идея ойлап табуда бір саты жоғары тұрады.

Үнемі кітап оқитын адам – ешқашан тоқтамайтын, өзін жетілдіріп отыратын тұлға. Ол тек кәсіби жағынан емес, адамгершілік, мәдениет, рухани даму жағынан да байи түседі. Мұндай адам әрдайым ізденісте болады және заман талабына сай бейімделе алады.

Оқу – табысқа апарар ең сенімді жол. Үнемі оқитын адам өз болашағын өзі қалыптастырады. Сондықтан табысты болғың келсе – оқудан жалықпа.

VI. Кітапхана қорын ұйымдастыру және сақтау, толықтыру бөлімі бойынша:

Кітапханадағы кітап қоры жинақталып отырылады,толықтыру,бақылау жұмыстары жүргізіліп отырады. Кітапханаға келетін мерзімді баспасөз басылымдарын тігу және картотекасын ұйымдастырумен қатар тозығы жеткен кітаптарды жөндеу жұмыстары жасалуда. Кітапханаға келген жаңа әдебиеттерді алфавиттік каталогқа орналыстырылып, сөрелік бөлгіштер жазылып, кітаптарды стеллаждарға жүйелі алфавиттік тәртіппен орналыстыру жұмыстары уақытымен жүріп жатыр.